

**"Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 168/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 мамырда № 20563 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. "Байланыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 549 бұйрығының 1-тармағының 4) тармақшасының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18078 болып тіркелген, 2019 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

*А. Жумағалиев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің  
2020 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 168/НҚ бұйрығымен  
бекітілген

**"Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар (бұдан әрі – РЭҚ) мен жоғары жиілікті құрылғыларды (бұдан әрі – ЖЖҚ) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру тәртібін айқындайды.

Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ пен ЖЖҚ-ны Қазақстан Республикасының аумағына әкелу "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне (бұдан әрі – ЕЭК шешімі) сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың талаптары барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жоғары жиілікті құрылғылар – телекоммуникациялар саласында пайдалануды қоспағанда, электромагниттік энергияны өнеркәсіптік, ғылыми, медициналық, тұрмыстық немесе басқа мақсаттарда шоғырландыруға және пайдалануға арналған жабдық және (немесе) аспаптар;

2) бірыңғай тізілім (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) – Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағына әкелген кезде азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және ЖЖҚ импортына Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес берілетін лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе үшінші елмен саудада тарифтік емес реттеудің шаралары қолданылатын, бірыңғай тауарлар тізіліміне енгізілген жеке тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес берілетін қорытынды (бұдан әрі – рұқсат беру құжаты) талап етілмейтін РЭҚ және ЖЖҚ-ның бірыңғай тізілімі;

3) радиоэлектрондық құралдар – көмекші жабдықты қоса алғанда, радиотолқындарды таратуға және (немесе) қабылдауға арналған және бір немесе бірнеше таратушы және (немесе) қабылдаушы құрылғылардан не олардың құрамаларынан құралатын техникалық құрал.

4) бір реттік лицензия – сыртқы сауда келісімшартының негізінде сыртқы сауда қатысушысына берілетін және белгілі бір мөлшерде лицензияланатын тауардың экспорты және (немесе) импортына құқық беретін лицензия.

3. Бірыңғай тізілімді байланыс саласындағы Одаққа мүше мемлекеттік органдар ұсынған ұсыныстар негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК) қалыптастырады.

Бірыңғай тізілім Одақтың ресми сайтында "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде орналастырылады.

**2-тарау. Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру тәртібі**

4. Одақтың кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ тізбесі ЕЭК шешімімен қабылданған және осы Қағидаларға 3-қосымшада айқындалған.

5. Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ мен ЖЖҚ-ны Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) көрсетілген.

6. Көрсетілетін қызметті алушы қорытындыны немесе лицензияны алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге Стандарттың 8-тармағына сәйкес құжаттарды электрондық түрде [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы ұсынады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдайды, тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне орындауға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

8. Көрсетілетін қызметті алушы қорытындыны және (немесе) лицензияны алу үшін құжаттардың толық топтамасын және оларда қамтылған дұрыс мәліметтерді ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері алты жұмыс күні ішінде қорытындыны және (немесе) лицензияны қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижесін алу мерзімі көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуге берген сұратудың қабылданғаны туралы мәртебесі көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші беретін лицензия бір реттік болып табылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту Стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

10. РЭҚ және ЖЖҚ алты айдан аспайтын мерзімге, егер олар:

1) шетелдік ресми делегациялардың Қазақстан Республикасының аумағында болуын қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін спорттық жарыстар мен өзге де мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге;

3) Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін көрмелерде көрсетуге;

4) Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуге;

5) сәйкестікті растау (сертификаттау немесе сәйкестікті декларациялау) мақсаттарында сынақтар жүргізуге арналған болса, олар көрсетілетін қызметті берушінің қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінеді.

11. РЭҚ және ЖЖҚ-ны лицензиясыз немесе қорытындысыз немесе бірыңғай тізілімге енгізу туралы мәліметтерсіз әкелу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ЕЭК шешімімен белгіленген және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ Одақтың кеден аумағына әкелу кезінде лицензия, қорытынды немесе бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну талап етілмейтін, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ тізбесіне енгізілген;

2) РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ әуе, су кемелерінің борт жабдықтарының құрамына енгізілген;

3) РЭҚ және ЖЖҚ үшінші мемлекеттердің аумақтарында тіркелген халықаралық тасымалдау көлік құралдарында (босағыларды қоса алғанда) орнатылған;

4) РЭҚ және ЖЖҚ оларды пайдалану (қолдану, пайдалану) құқығынсыз әкелінеді;

5) Одақтың кедендік аумағында, Одақтың кедендік аумағында дайындалатын көлік және басқа да техникалық құралдарды жөндеуге немесе орнатуға арналған және РЭҚ және ЖЖҚ дайындау нәтижесінде немесе жөндеуден кейін алынған көлік және басқа да техникалық құралдар құрамында одақтың кедендік аумағынан кері әкетуге жатады.

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, оның лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым, көрсетілетін қызметтерді беруші басшысының атына, жоғары тұрған мемлекеттік органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, ол тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

"Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті



Комитет телекоммуникаций Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан

**Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың импортына лицензия**

|   |  |                        |
|---|--|------------------------|
| 1. Лицензия №   | 3. Қолданылу кезеңі<br>КК.АА.ЖЖЖЖ бастап КК.АА.ЖЖЖЖ дейін  |                        |
| 3. Лицензия түрі/импорт                                   | 4. Келісімшарт №   |                        |
| 5. Өтініш беруші  | 6. Сатушы  |                        |
| 7. Жөнелту елі  | 8. Сатушы елі  |                        |
| 9. Келісімшарт валютасы                                   | 10. Құны   | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі  | 13. Саны   | 14. Өлшем бірлігі      |
| 15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы |  |                        |
| 16. Қосымша ақпарат                                       |  |                        |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме                          | 18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы |                        |

Телефон  
Қолы күні

Азаматтық мақсаттағы  
радиоэлектрондық және  
жоғары жиілікті  
құрылғыларды, оның  
ішінде басқа тауарлардың  
құрамына кіріктірілген не  
кіретін тауарлардың  
импортына лицензияға  
қосымша

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің  
Телекоммуникациялар комитеті

№ \_\_\_\_\_ лицензияға қосымша \_\_\_\_\_

| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|--------------------------------|----------------------|--|---------------|
|                                |                      | құны   |               |
| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|                                |                      | құны   |               |
| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|                                |                      | құны   |               |
| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|                                |                      | құны   |               |
| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|                                |                      | құны   |               |
| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|                                |                      | құны   |               |
| P/c<br>№                       | Тауардың сипаттамасы | саны   | өлшем бірлігі |
|                                |                      | құны   |               |
| Парақтардың барлығы<br>Парақ № |                      | 18. Уәкілетті тұлға<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі (бар болған жағдайда)<br>Күні _____ |               |

Ескерту:

КК.АА.ЖЖЖЖ – күні, айы, жылы;

КО СЭҚ ТН – Кеден одағының сыртқы экономикалық қызмет номенклатурасының  
тауары.

"Импорттан өзгеше  
жағдайларда, азаматтық  
мақсаттағы, оның ішінде басқа  
тауарлардың құрамына  
кіріктірілген не кіретін  
радиоэлектрондық құралдар мен  
жоғары жиілікті құрылғыларды

Қазақстан Республикасының  
аумағына әкелуге  
қорытындылар және (немесе)  
олардың импортына лицензия  
беру" мемлекеттік қызметін  
көрсету қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Қазақстан Республикасы Цифрлық  
даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігінің  
Телекоммуникациялар комитеті



Комитет телекоммуникаций  
Министерства цифрового развития  
, инноваций и аэрокосмической  
промышленности Республики  
Казахстан

**Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың  
бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және  
транзиттеуге қорытынды (рұқсат беретін құжат)**

№ \_\_\_\_ / \_\_\_\_ 20\_\_ / \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (Қорытындыны берген Кеден  
одағына

мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының атауы)

Берілді \_\_\_\_\_

(Ұйымның атауы, заңды мекенжайы, елі /жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Орын ауыстыру түрі \_\_\_\_\_

(Орын ауыстыру түрі)

\_\_\_\_\_ (Тауарлардың бірыңғай тізбесінің бөлімі)

(КО СЭҚ ТН коды \*)

| Тауардың атауы | Саны | Өлшем бірлігі |
|----------------|------|---------------|
|----------------|------|---------------|

Алушы/жөнелтуші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Атауы, заңды мекенжайы, елі)

Межелі/жөнелту елі \_\_\_\_\_

Әкелу (әкету) мақсаты \_\_\_\_\_

Уақытша әкелу (әкету) мерзімі \_\_\_\_\_

Негіздемесі \_\_\_\_\_

Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_

Транзит елі \_\_\_\_\_



(Аумақ бойынша транзит)

Қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қорытынды " \_\_ " \_\_ жыл бойынша жарамды

Басшы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Ескертпе:

ТН КО СЭҚ – сыртқы экономикалық қызмет номенклатурасының тауары.

"Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 3-қосымша

**Одақтың кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ тізбесі**

| Тауар атауы  | ЕАЭО СЭҚ ТН коды   |
|--|--|
| 1. Жоғары жиілікті генераторларды қамтитын өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық мақсаттағы ЖЖҚ, жабдықтар мен аппаратура                                      | 8419 бірі<br>8514 бірі<br>8540 бірі<br>8543 бірі<br>9018 бірі<br>9027 бірі   |
| 2. Дауысты, бейнені, деректерді және (немесе) басқа да ақпарат түрлерін беру немесе қабылдау үшін әртүрлі қолданылатын РЭҚ                                     | 8470 бірі<br>8471 бірі<br>8517 бірі<br>8518 бірі<br>8519 бірі<br>8521 бірі<br>8525 бірі<br>8526 бірі<br>8527 бірі<br>8528 бірі<br>8531 бірі<br>90 бірі |
| 3. Техникалық радиобақылаудың бағдарламалық-аппараттық кешендері, электромагниттік сәулелену көзі болып табылатын РЭҚ анықтауға арналған қабылдау аппаратурасы | 8526 бірі<br>8527 бірі   |

Бөлімге ескертулер:

1. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес осы бөлімнің мақсаттары үшін ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да Одақтың кедендік аумағына әкелу кезінде бірыңғай тізілімнен лицензия, қорытынды немесе мәліметтер ұсыну талап етілмейтін, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ тізбесін ескере отырып тауар атауын да басшылыққа алу қажет.
2. Рұқсат беру тәртібі ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарына қарамастан, енгізілген не тауарлар құрамына кіретін осы бөлімде көрсетілген РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ-ға қатысты қолданылады.

Ескерту:

КО СЭҚ ТН – Кеден одағының сыртқы экономикалық қызмет номенклатурасының тауары;

"Импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына  
4-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты "Импорттан өзгеше жағдайларда азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар беру және (немесе) олардың импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

|    |   |   |
|----|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы                       | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2. | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.                   |
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі                          | Көрсету мерзімі - 8 (сегіз) жұмыс күні.   |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны                        | Электрондық (толық автоматтандырылған).   |
|    |   | осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық  |

|    |  |   |
|----|--|---|
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі  | <p>мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін РЭҚ және ЖЖҚ импортына лицензия; осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытынды (рұқсат беру құжаты); мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.</p> |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | <p>Азаматтық мақсаттағы РЭҚ және ЖЖҚ импортына лицензия беру кезінде – 10 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК).</p> <p>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұраныс беру портал арқылы берілген жағдайда, төлем " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.</p> <p>Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды уақытша әкелуге, әкетуге және</p>  |

|    |               |  |
|----|---------------|--|
|    |               | транзиттеуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру ақысыз негізде тегін жүзеге асырылады.  |
| 7. | Жұмыс кестесі | <p>1) көрсетілетін қызметті беруші – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Еңбек Кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында: <a href="http://www.gov.egov.kz/memleketikormasetiletinkyzmetter">www.gov.egov.kz/memleketikormasetiletinkyzmetter</a> бөлімінде;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылған.</p> |
|    |               | <p>лицензия алу үшін:</p> <p>осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес лицензия алуға өтініш;</p> <p>осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 67 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11074 болып тіркелген) тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарында (бұдан әрі</p>  |

|    |  |  |
|----|--|--|
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі   | <p>– біліктілік талаптары) көрсетілген құжаттар.</p> <p>қорытындыны беру үшін: осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қорытынды беруге өтініш, ол үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысаны бойынша және оны толтыру жөніндегі ЕЭК-тің 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген әдістемелік нұсқаулар бойынша толтырылады;</p> <p>осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкелінетін РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ туралы ақпарат.</p> <p>және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар.</p>  |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілетін қызметті алушының осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;</li> <li>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;</li> <li>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;</li> <li>4) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;</li> <li>5) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарға сай келмеуі;</li> <li>6) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарда және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің болуы.</li> </ol> |

|     |   |  |
|-----|---|--|
|     |   | <p>Лицензия алу алу үшін және (немесе) қорытынды беруге өтініштерді қабылдаудан бас тарту тиісті ескертулер түзетілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті алу үшін қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.</p>   |
